



Сын тұрғысынан ойлау: түсініктері мен құралдары



Сыни Тұрғысынан Ойлау дегеніміз-
не нәрсенің анығына барып, оның себеп
салдарына барып анықтау, бағалау одан
шығатын салдарына көз жеткізе білу,
қорытынды жасау.

Джон Дьюидің айтуы бойынша
мәселелерге ерекше көңіл аудару
оқушының табиғи әуесқойлығын оятып,
СТО-уға итермелейді.



**Сын тұрғысынан ойлау-
оқушылардың сабаққа
қызығушылығын арттыра
отырып, өз ойыңды еркін және
зерттей отырып, тұжырым жасау**

**СЫН ТҰРҒЫСЫНАН ОЙЛАУ- ОҚУШЫ
ӨЗ БЕТІМЕН ЖӘНЕ БІРЛЕСІП
ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ЖҰМЫС ЖАСАУ,
ОЙ ҚОЗҒАЙ ОТЫРЫП , ӨЗ ОЙЫМЕН
ӨЗГЕЛЕРДІҢ ОЙЫНА СЫНИ ҚАРАП,
ЕСТІГЕН БІЛГЕН БІЛІМІН ТАЛДАП,
ТҰЖЫРЫМ ЖАСАУҒА БАҒЫТТАУ**





Мақсаты:

Барлық жастағы оқушылардың кез келген мазмұн түсінікке сыни тұрғыдан қарап, екі ұйғарым бір пікірдің біреуін таңдауға сапалы шешім қабылдауға үйрету.

Кез келген оқу материалындағы мазмұнды сынау емес сын тұрғысынан қарау арқылы ұтымды жауап іздеу, сол жауапты іздеуге жай ойлау емес шындалған ойлауға оқушылардың қолын жеткізеді.



Сыни Тұрғыдан Ойлаудың міндеттері:

- СТО идеялар тексеріліп бағаланғанда және дамып қолданылғанда іске асады
 - Есте сақтау-идеяларды түсіну-алғы шарт
 - Шығармашылықпен көкейкесті ойлау
 - Өзіндік жеке ойлау, тәуелсіз ойлау, шикізатты өңдеу
 - Сұрақтар шешімін табу- жаңа бір нәрсе тудыру
 - Үйрету – түсінуіне көмектесу
 - Көңілге қонымды дәлелге ұмтылу
 - Мәселені шешудің жолын өзі іздеп табу
 - Шешімді негізі бар саналы дәлелдеу
 - Дәлелдер негізгі болуы шарт
- Әлеуметтік ойла, таласып оқу, талқылап қарсы шығу
- Еріксіз ойландыратын, қортынды жауаптар, шығармашылыққа итермелейді.

СЫН ТҰРҒЫСЫНАН ОЙЛАУ

КЕЗЕҢДЕРІ

ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҚТЫ ОЯТУ

МАҒЫНАНЫ ТАҢУ

ОЙ ТОЛҒАНЫС



● Бірінші кезең «Қызығушылықты ояту»

● Кезеңнің мақсаттары:

- — оқушы өзінде қалыптасқан білімі мен түсініктерін өзектендіру;
- — оқылатын тақырыпқа танымдық қызығушылықты ояту;
- — оқушының белсенділігін ояту;

● Жеке тұлғаның іс — әрекеті Қолдануға болатын әдістер мен тәсілдер

оқылатын мәселелер бойынша не білетінін еске түсіреді, ақпаратты жүйелейді, жауап алуға қажетті сұрақтар қояды. Өзге мақсатын тұжырымдайды. «Белгілі ақпараттар» тізімін түйін сөздер бойынша — әңгіме, кластерлер, дұрыс және дұрыс емесін мақұлдау және т. б.

Бірінші кезеңде алынған ақпараттар тыңдалады, жазылады, талқыланады, жеке, жұп және топ бойынша жүргізіледі.

• Екінші кезең «Мағынаны ашу»

• Кезеңнің мақсаты:

- — жаңа ақпаратпен танысу;

- — жаңа ақпараттармен өз білімімен ара — қатынас белгілеу.

- Жеке тұлғаның іс — әрекеті Қолдануға болатын әдістер мен тәсілдер

- — мұғалім ұсынған белсенді оқыту әдістерін қолданып, жаңа тақырып материалдарын тыңдайды, оқиды;

- — жаңа ақпараттардың мәнін түсіну барысында мәтін шетіне белгі қояды немесе жазып алады;

- — қарастырылған материалдармен жұмыс істеу барысында өз түсінгенін қадағалайды, алдына қойған мақсаттарына жету үшін белсенді әрекет етеді.

● Үшінші кезең «Ой толғау»

● Кезеңнің мақсаты:

- қабылданған жаңа және ескі түсініктердің ара қатынасын ашу.
- оқылған материалды талдау және қорытындылау.
- тақырыпты мұнан әрі меңгеру бағытын анықтау.
- Мағынаны тану кезеңінде білімге сүйене отырып, бұрын және сабақ барысында не үйренгенін салыстырады.
- Қарастырған тақырыптың мәнін толық түсіну және өзіне қойылған мақсатты іске асыру үшін жаңа тақырыпты талдайды, қажеттісін іріктеп алады.
- өзіне қойған сұрақтарға мағыналы жауап алғандарын бағалайды.
- Алған білімдерін өмірмен байланыстырады, қорытынды нәтиже шығарады, өз бетімен жаңа идеяларды ойластырады. — кластер құру
- әртүрлі кезеңдегі ақпараттардың өзара қатынасын сипаттайтын кестелер толтырады.
- түйін сөздерге қайта оралу.
- дұрыс және дұрыс емесін мақұлдауға қайта оралу.
- рефлексивті сұрақтар
- пікір алмасу.
- шығармашылық жұмыстар жазу (синквейн, эссе) және т. б.

Оқылған ақпаратты талдау, түсіндіру, шығарманы өңдеу жұмысы топ бойынша

«Сыни ойлау» — бұл американдық көптеген ғалымдардың алдыңғы қатарлы идеялары негізінде құрылған жоба, оның тұтас құрылымы болғандықтан технологияға деген негіз бар. Сыни тұрғыдан ойлау «ойлау туралы ойлану» деп сипатталған. Ол маңызды мәселелерді талқылау және тәжірибені ой елегінен өткізуді қамтиды. Бұл модуль оқушылардың да, мұғалімдердің да сыни тұрғыдан ойлауды дамытуды саналы және оймен қабылдауын көздейді. Сыни тұрғыдан ойлау — бақылаудың, тәжірибенің, ойлау мен талқылаудың нәтижесінде алынған ақпаратты ойлауға, талдауға, және синтездеуге бағытталған пәндік шешім. Ол болашақта әрекет жасауға негіз бола алады.

- Сыни тұрғыдан ойлау көбінесе қарсы пікір айтуға, баламалы шешім қабылдауға, ойлау және іс — әрекетімізге жаңа немесе түрлендірілген тәсілдерді енгізуге дайын болуға, ұйымдастырылған қоғамдық әрекеттерге және басқаларды сыни тұрғыдан ойлауға баулуды білдіреді. Бастауыш мектеп — баланы оқуға үйрету мен тәрбиелеу оның тұлға ретінде өзін — өзі ашуға, жалпы дамуының қалыптасуына жағдай жасайтын негізгі саты. Заман ағысына сай технологияларды қолдану ауқымы, түрлері өзгеріп отырады. Бірақ ең бастысы технологияларды тиімді, жүйелі қолдану керек. Ұстаз үшін ең негізгі мақсат – әр сабағын түсінікті, тартымды, тиімді өткізу. Оны жүзеге асырудың бір жолы – оқушыларға білім беру, тәрбиелеу барысында кеңінен қолданылып жүрген оқушылардың білім сапасын көтеруде жағдай жасайтын сабақты тиімді ұйымдастыруға, атап айтқанда сабақ уақытын ұтымды пайдалануға мұғалім мен оқушылардың ойлай қабілетін дамытуға көп көмегін тигізетін технологияны тиімді қолдана білу. Сабақ барысында оқушының ізденуі мен зерттеу дағдыларын қалыптастыра отырып, пәнге деген қызығушылықтарын арттыру мақсатында қолданылатын технологиялар баршылық.



КА-41

Касей Аллазина